

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 8 сәуірдегі № ҚР
ДСМ-32/2020 бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2020 жылғы 11
сәуірде № 20368 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

**«Стационарды алмастыратын көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму
министрінің 2015 жылғы 17 тамыздағы № 669 бұйрығына
өзгеріс енгізу туралы**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18
қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 95)
тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Стационарды алмастыратын көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2015 жылғы 17
тамыздағы № 669 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеу тізімінде № 12106 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық
жүйесінде 2015 жылғы 6 қазанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Стационарды алмастыратын көмек
көрсету қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Медициналық
көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында
белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің
интернет-ресурсына орналастыруды;



3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л. М. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі

Е. Биртанов

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау**министрі****2020 жылғы 8 сәуірі****№ ҚР ДСМ-32/2020****Бұйрығына қосымша****Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 17 тамыздағы
№ 669 бұйрығымен бекітілген****Стационарды алмастыратын көмек көрсету қағидалары****1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Стационарды алмастыратын көмек көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесінде денсаулық сақтау ұйымдарының халыққа стационарды алмастыратын көмек көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл – бұл халық саны кемінде елу адам, оның ішінде ауыл, орман және аң шаруашылығымен, ара шаруашылығымен, балық аулаумен және балық шаруашылығымен айналысатын қызметкерлер, олардың отбасы мүшелері және денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет және спорт мамандары, халықтың кемінде жартысын құрайтын елді;

2) бейінді маман – жоғары медициналық білімі, белгілі бір мамандық бойынша сертификаты бар медицина қызметкері;

3) емдеуге жатқызу бюросы порталы (бұдан әрі – Портал) – ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде пациенттерді стационарға жоспарлы емдеуге жатқызу жолдамаларын электрондық тіркеудің, есепке алудың, өңдеудің және сақтаудың бірыңғай жүйесі;

4) күндізгі стационар - халыққа стационарды алмастыратын көмекті денсаулық сақтау ұйымының базасында көрсету;

5) стационарды алмастыратын көмек – медициналық бақылау жасалатын, күндізгі стационарды және үйдегі стационарды қамтитын, дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған медициналық көмекті, оның ішінде жоғары технологиялы медициналық көрсетілетін қызметтерді қолдана отырып ұсыну нысаны;

6) үйдегі стационар - халыққа стационарды алмастыратын көмекті үйде көрсету.

3. Стационарды алмастыратын көмекті медициналық қызметтің тиісті түрлеріне лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді.

4. Күндізгі стационарлардағы стационарды алмастыратын көмекті амбулаториялық-емханалық, стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары, үйдегі стационарларды – амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары ұсынады.

5. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде күндізгі стационар және үйдегі стационар жағдайында ұсынылатын стационарды алмастыратын көмек осы пациентті емдеу үшін зертханалық, аспаптық зерттеулердің нәтижелері және қажетті бейінді мамандардың консультацияларымен медициналық-санитариялық алғашқы көмек маманының немесе басқа денсаулық сақтау ұйымының жолдамасы бойынша ұсынылады.

6. ТМККК тізбесіне кірмейтін стационарды алмастыратын көмек көрсету қызметтері МӘМС жүйесінде және (немесе), ақылы негізде және (немесе) ерікті медициналық сақтандыру шеңберінде көрсетіледі.

7. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде стационарды алмастыратын көмек көрсету кезінде гемодиализ қызметтерін алатын, туберкулезге қарсы медициналық ұйымдардағы, республикалық психикалық денсаулық сақтау ұйымындағы және психикалық денсаулық орталықтардағы пациентерді қоспағанда тамақтандыру көзделмеген.

8. Стационарды алмастыратын көмек:

1) медициналық көрсетілімдер бойынша дәрігердің қарап-тексеруін, бейінді мамандардың консультациясын;

2) диагностика мен емдеу хаттамаларына сәйкес диагностикалық, оның ішінде зертханалық және патологоанатомиялық (операциялық және биопсиялық материалды гистологиялық зерттеулер, цитологиялық зерттеулер) көрсетілетін қызметтерді;

3) медициналық манипуляцияларды және хирургиялық операцияларды жүргізу арқылы дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды пайдалана отырып, стационарды алмастыратын терапияға себепші болған негізгі ауруларды емдеуді;

4) гемодиализ және перитонеалдық диализ жүргізуді;

5) химиялық және сәулелік терапия жүргізуді;

6) медициналық оңалтуды;

7) пациентке өз бетінше емханаға келуге мүмкіндік бермейтін жіті және созылмалы жағдайларда үйде стационарды ұйымдастыруды;

8) «Қанды, оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау, өткізу номенклатурасын, қағидаларын, сондай-ақ, қанды, оның компоненттері мен препараттарын сақтау, құю қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 6 қарашадағы № 666 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне №5925 болып тіркелген) сәйкес номенклатура және оларды дайындау, өңдеу, сақтау, өткізу тәртібіне, сондай-ақ, тәуліктік стационарлар кезінде стационарды алмастыратын көмек көрсеткенде, оларды сақтау, құю тәртібіне сәйкес қанмен, оның компоненттерімен, препараттарымен қамтамасыз ету;

9) паллиативтік көмекті және мейіргер күтімін ұйымдастыруды;

10) еңбекке уақытша жарамсыздықты сараптауды қамтиды.

9. Мамандандырылған медициналық ұйымдарда және (немесе) тиісті бейіндегі бөлімшелерде стационарды алмастыратын көмек пациентке мынадай аурулар бойынша маманның қорытындысы бойынша көрсетіледі:

1) психикалық бұзылу және психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынумен байланысты мінез-құлық бұзылуы;

2) қатерлі ісіктер;

3) инфекциялық және паразиттік аурулар (ішек инфекциялары, бактериялық зооноздар, вакцинамен басқарылатын инфекциялар);

- 4) пациентті және БК (-) оқшаулау жағдайы болған кездегі туберкулез;
- 5) тері (контагиозды дерматоздар, инфестациялар) және венерологиялық аурулар.

2-тарау. Стационарды алмастыратын көмек көрсету тәртібі

10. Амбулаториялық-емханалық денсаулық сақтау ұйымдары, тәуліктік стационар және үйдегі стационар жағдайларында стационарды алмастыратын көмек:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 8 ақпандағы № 95 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13404 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының халқына психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес көрсетілетін V психикалық бұзушылықтарды және мінез-құлық бұзушылықтары класын қоспағанда, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес күндізгі стационарда басым емдеу үшін АХЖ-10 кодтары бойынша аурулардың тізбесіне;

Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес күндізгі стационарда басым емдеуге жататын АХЖ-9 кодтары бойынша операциялар мен манипуляциялардың тізбесіне сәйкес көрсетіледі.

Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту көрсету кезінде стационарды алмастыратын көмек Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 98 бұйрығымен бекітілген Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту, оның ішінде балаларды медициналық оңалту қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10678 болып тіркелген), сәйкес көрсетіледі, палиативтік көмек және мейіргер күтімін көрсету кезінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 168 бұйрығымен бекітілген Паллиативтік көмек және мейірбике күтімін көрсету қағидаларына сәйкес жүргізіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10803 болып тіркелген).

Тәуліктік стационар жағдайында емдеуді талап етпейтін, диагнозды қойғанға дейін стационардың қабылдау бөлімшесінде емдеу-диагностикалық іс-шараларды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 761 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12204 болып тіркелген) стационарлық көмек көрсету қағидаларына сәйкес амбулаториялық немесе стационарды алмастыратын жағдайларда қабылдау бөлімінің маманы емді жалғастыру туралы шешімі қабылдайды.

11. Үш жасқа дейінгі балалар күндізгі стационарға оларға тікелей күтім жасауды жүзеге асыратын адамдармен немесе алып жүретін адаммен, оның уәкілетті заңды өкілімен бірге емдеуге жатқызылады.

12. Пациентті күндізгі стационарға, үйдегі стационарға жіберген кезде: күндізгі стационарда және үйдегі стационарда басым емдеу үшін АХЖ-10, 9 кодтарына сәйкес аурулардың, операциялар мен манипуляциялардың тізбесіне сәйкес келуі бойынша Қағидаларға қосымшаларды басшылыққа алу;

көрсетілемдер болған кезде МСАК немесе басқа денсаулық сақтау ұйымының маманы пациентке клиникалық-диагностикалық (зертханалық, аспаптық және функционалдық) зерттеулер, диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларын басшылыққа ала отырып, жолдама берілген диагнозға сәйкес бейінді мамандардың консультациясын жүргізеді;

МСАК маманына күндізгі стационарда және үйдегі стационарда пациентті емдеу жөніндегі бейінді мамандардың ұсынымдарымен 025/у нысаны бойынша пациенттің амбулаториялық картасынан үзінді көшірмені ресімдейді;

жоспарлы емдеуге жатқызудың жоспарланған күнін анықтай отырып, АХЖ-10, 9 кодтары бойынша негізгі диагнозды көрсете отырып, пациенттің деректерін Емдеуге жатқызу бюросы порталына (бұдан әрі – Портал) тіркеу қажет. Жоспарлы емдеуге жатқызу күнін медициналық ұйым бағыттарының кезектілігіне сәйкес қабылдаушы тарап айқындайды. Гемодиализ және перитонеалдық диализ қызметтерін алуға жіберген кезде нақтылаушы: Экстракорпоралдық диализ (бүйрек диализі) Z49.1 кодын немесе Диализдің басқа түрінің Z49.2 (перитонеалдық диализ) кодын қосымша көрсету қажет.

13. Пациент күндізгі стационарға, үйдегі стационарға түскен кезде «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (бұдан әрі – № 907 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген № 066/у нысанына сәйкес есепке алу медициналық құжаттамасы толтырылады.

14. Амбулаториялық-емханалық денсаулық сақтау ұйымдарының жанындағы күндізгі стационарға және үйдегі стационарға емдеуге жатқызу үшін көрсетілімдер:

1) тәуліктік медициналық бақылауды талап етпейтін созылмалы аурулардың асқынуы;

2) динамикалық бақылауға жататын созылмалы аурулары бар пациенттердің топтарын белсенді жоспарлы сауықтыру;

3) медициналық көрсетілімдер бойынша стационарлық емдеу курсынан кейін келесі күні пациентті толықтай емдеу;

4) 2 және 3 кезеңдегі медициналық оңалту курстарын өткізу;

5) паллиативтік көмек болып табылады;

6) балаларда тұрақты алмастырушы ферментативтік және бактерияға қарсы терапияны алу үшін маусымдық вирустық аурулар кезеңінде оқшаулауды талап ететін инфекциялық асқынулардың жоғары қаупіне байланысты орфандық (сирек кездесетін) аурулардың болуы көрсетілімдер болып табылады.

15. Тәуліктік стационардың жанындағы күндізгі стационарға емдеуге жатқызуға үшін көрсетілімдер мыналар болып табылады:

1) арнайы операция алдындағы даярлықпен және реанимациялық қолдаумен операциялар мен араласулар жүргізу;

2) арнайы алдын ала даярлықты талап ететін, сондай-ақ амбулаториялық-емханалық денсаулық сақтау ұйымдарында қолжетімсіз күрделі диагностикалық зерттеулер жүргізу;

3) қан препараттарын құюмен, қан алмастыратын сұйықтықтарды вена ішіне құюмен, ерекше гипосенсибилизирлеуіш терапиямен, қатты әсер ететін

препараттардың инъекциясымен, дәрілік заттарды буын ішіне енгізумен байланысты бақылау және емдеу;

4) стационарлық емдеуден соң операциялық емдеуден кейін ерте шығаруға көрсетілімдер болған кезде келесі күні толықтай емдеу;

5) паллиативтік көмек;

6) химиотерапия, сәулелік терапия, онкологиялық пациенттерге мамандандырылған ем жүргізгеннен кейін туындайтын патологиялық жағдайларды түзету болып табылады.

16. Стационарды алмастыратын көмекті ұсыну үшін жалпы қарсы көрсетілімдер:

1) емдік емшараларды және медициналық бақылауды тәулік бойы жүргізуді талап ететін аурулар;

2) эпидемиологиялық қауіп кезеңіндегі инфекциялық аурулар;

3) «Әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 367 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11512 болып тіркелген) сәйкес айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулар болып табылады.

Медициналық көмек пациенттің немесе оның заңды өкілінің емдеу-диагностикалық іс-шараларды жүргізуге жазбаша ерікті келісімін алғаннан кейін көрсетіледі.

17. Үйдегі стационарда учаскелік терапевтер, педиатрлар, жалпы практика дәрігерлері, фельдшерлер, акушерлер, денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер және мейіргерлер көрсетеді, медициналық көрсетілімдер бойынша бейінді мамандардың консультациялары жүргізіледі.

18. Емдеу бағдарламасына сәйкес пациент жүгінген кезде қарап-тексеру жүргізілген кезде бағдарламалық терапиядағы (эфференттік терапия, гемодиализ, перитониалдық диализ, ультрафильтрация, химиотерапия, радиотерапия) пациенттерді қоспағанда, күндізгі стационардағы емдегі пациенттерді медицина қызметкерлері күнделікті қарап-тексереді.

19. Күндізгі стационарда және үйдегі стационарда стационарды алмастыратын көмек көрсеткен кезде пациентті қарап-тексереді, жүргізіліп жатқан емді түзетеді, қажет болған кезде қосымша зертханалық, аспаптық зерттеулерді және денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес және диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларын басшылыққа ала отырып, бейінді мамандардың консультацияларын тағайындайды.

20. Пациент жатқан күндізгі стационарда жағдайы нашарлаған кезде денсаулық сақтау ұйымының медицина қызметкерлері кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетеді және медициналық көрсетілімдер болған кезде пациент жедел медициналық көмек бригадасының алып жүруімен емді жалғастыру үшін тәуліктік стационарға ауыстырылады.

21. Жағдайы жақсарған және стационарды алмастыратын көмекті талап етпейтін терапияны жалғастыру қажет болған кезде пациент тіркелген жері бойынша МСАК маманының бақылауымен одан әрі амбулаториялық ем алуға жіберіледі.

Күндізгі стационардан шығару кезінде пациентке № 907 бұйрықпен бекітілген 003/у нысанына сәйкес үзінді эпикриз беріледі, онда қорытынды клиникалық диагноз, диагностикалық зерттеулердің, емдеу іс-шараларының жүргізілген көлемі, одан әрі бақылау және емдеу жөніндегі ұсынымдар көрсетіледі.

Үзінді көшірме бойынша деректер ақпараттық жүйелерге көшірменің нақты уақытын көрсете отырып, сол күні жазылады.

22. Емдеу ұзақтығы пациент келіп түскен сәттен бастап:

1) Күндізгі стационарда кемінде үш жұмыс күні және жіті аурулар кезінде бес күннен аспайтын, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде аспайтын гемодиализде, перитонеальдық диализдегі, химиялық және сәулелік терапияда, бағдарламалық терапиядағы, медициналық оңалту мен қалпына келтіру еміндегі пациенттерді қоспағанда сегіз жұмыс күнінен;

2) үйдегі стационарда кемінде үш жұмыс күні және жіті аурулар кезінде бес жұмыс күнінен аспайтын, созылмалы аурулары асқынған кезде сегіз жұмыс күнінен аспайтын күнді құрайды.

23. Амбулаториялық-емханалық ұйымдардың жанындағы күндізгі стационардың жұмыс режимі ауыспалы кесте бойынша кезекші персоналдың мереке және демалыс күндеріндегі тағайындауларды орындауын қамтамасыз ете отырып, сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін деп белгіленеді.

24. Стационарды алмастыратын көмек алған пациентті шығару кезінде № 907 бұйрықпен бекітілген № 066-4/у нысаны бойынша күндізгі стационарда және үйдегі стационарда ем алған пациенттің статистикалық картасы толтырылады.

Стационарды алмастыратын
көмек көрсету қағидаларына
1-қосымша

**ТМККК және МӘМС шеңберінде күндізгі стационарда емдеуі тиіс АХЖ-10
диагностдары бойынша кодтардың тізбесі**

р/с №	АХЖ- 10 ко- ды	Атауы	ТМККК	МӘМС
1	A54.0	Несеп шығаратын өзек маңы немесе қосалқы бездердің іріңдігінсіз, несеп-жыныс жолы-ның төменгі бөлімдерінің гонококтік жұқпасы	+	
2	A56.0	Несеп-жыныс жолдарының төменгі бөлімдерінің хламидиялық инфекциялары	+	
3	A63.8	Жыныстық жолмен берілуі басымырақ анықталған басқа аурулар	+	
4	B02.9	Асқынулары жоқ белдеу теміреткі	+	
5	B17.9	Анықталған жіті вирустыкгепатиттер		+
6	B18.8	Вирусты созылмалы басқа гепатит	+	
7	B18.9	Анықталмаған созылмалы вирусты гепатит	+	
8	B35.0	Сақал мен бас микоз		+
9	B35.2	Қол ұшы микозы		+
10	B35.3	Аяқ ұшы микозы		+
11	B35.6	Шап эпидермофитиясы		+
12	B35.8	Басқа дерматофитиялар		+
13	C00.0	Еріннің сыртқы бетінің қатерлі ісіктері	+	
14	C00.1	Төменгі еріннің сыртқы бетінің қатерлі ісіктері	+	
15	C00.2	Еріннің сыртқы бетінің, анықталмаған қатерлі ісіктері	+	
16	C00.3	Жоғарғы еріннің ішкі бетінің қатерлі ісіктері	+	
17	C00.4	Төменгі еріннің ішкі бетінің қатерлі ісіктері	+	
18	C00.5	Еріннің ішкі бетінің, анықталмаған қатерлі ісіктері	+	
19	C00.6	Ерін дәнекерінің қатерлі ісіктері	+	
20	C00.8	Еріннің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан за-кымдануы	+	
21	C00.9	Еріннің анықталмаған бөлігінің қатерлі ісіктері		+
22	C01	Тіл түбірінің қатерлі ісігі	+	
23	C02.0	Тілдің басқа және анықталмаған бөлімдерінің қатерлі ісігі	+	
24	C02.1	Тілдің бүйірлік бетінің қатерлі ісігі	+	
25	C02.2	Тілдің төменгі бетінің қатерлі ісігі	+	
26	C02.3	Тілдің алдыңғы 2/3 бөлігінің анықталмаған қатерлі ісігі	+	
27	C02.4	Тіл бадамшасының қатерлі ісігі	+	
28	C02.8	Тілдің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу қатерлі зақымдануы	+	
29	C02.9	Тілдің анықталмаған бөлімінің қатерлі ісігі	+	
30	C03.0	Жоғарғы жақ сүйек қызыл иегінің қатерлі ісігі	+	

31	C03.1	Төменгі жақ сүйек қызыл иегінің қатерлі ісігі	+	
32	C03.9	Анықталмаған орналасуының қызыл иектің қатерлі ісігі	+	
33	C04.0	Ауыз қуысы түбінің алдыңғы бөлімінің қатерлі ісігі	+	
34	C04.1	Ауыз қуысы түбінің бүйірлік бөлімінің қатерлі ісігі	+	
35	C04.8	Ауыз қуысы түбінің көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
36	C04.9	Ауыз қуысы түбінің анықталмаған қатерлі ісігі	+	
37	C05.0	Қатты таңдайдың қатерлі ісігі	+	
38	C05.1	Жұмсақ таңдайдың қатерлі ісігі	+	
39	C05.2	Тілшіктің қатерлі ісігі	+	
40	C05.8	Жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан таңдайдың қатерлі зақымдануы	+	
41	C05.9	Таңдайдың анықталмаған қатерлі ісігі	+	
42	C06.0	Ұрттың сілемейлі қабығының қатерлі ісігі	+	
43	C06.1	Ауыз кіріберісінің қатерлі ісігі	+	
44	C06.2	Ретромолярлық аймақтың қатерлі ісігі	+	
45	C06.8	Жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан ауыздың қатерлі зақымдануы	+	
46	C06.9	Ауыздың анықталмаған қатерлі ісігі	+	
47	C07	Шықшыт сілекей безінің қатерлі ісігі	+	
48	C08.0	Төменгі жақ сүйек асты безінің қатерлі ісігі	+	
49	C08.1	Тіласты безінің қатерлі ісігі	+	
50	C08.8	Үлкен сілекей бездерінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы		+
51	C08.9	Үлкен сілекей безінің анықталмаған қатерлі ісігі		+
52	C09.0	Бадамша шұңқырының қатерлі ісігі	+	
53	C09.1	Таңдай бадамшасы доғасының (алдыңғы) (артқы) қатерлі ісігі	+	
54	C09.8	Бадамшаның жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
55	C09.9	Бадамшаның анықталмаған қатерлі ісігі	+	
56	C10.0	Көмей қақпашығы шұңқырының қатерлі ісігі	+	
57	C10.1	Көмей қақпашығы алдыңғы бетінің қатерлі ісігі	+	
58	C10.2	Ауыз-жұтқыншақтың бүйірлік қабырғасының қатерлі ісігі	+	
59	C10.3	Ауыз-жұтқыншақтың артқы қабырғасының қатерлі ісігі	+	
60	C10.4	Желбезек саңылауының қатерлі ісігі	+	
61	C10.8	Ауыз-жұтқыншақтың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
62	C10.9	Ауыз-жұтқыншақтың анықталмаған орналасуының қатерлі ісігі	+	
63	C11.0	Мұрын-жұтқыншақтың жоғарғы қабырғасының қатерлі ісігі	+	
64	C11.1	Мұрын-жұтқыншақтың артқы қабырғасының қатерлі ісігі	+	
65	C11.2	Мұрын-жұтқыншақтың бүйірлік қабырғасының қатерлі ісігі	+	
66	C11.3	Мұрын-жұтқыншақтың алдыңғы қабырғасының қатерлі ісігі	+	
67	C11.8	Мұрын-жұтқыншақтың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	

68	C11.9	Мұрын-жұтқыншақтың анықталмаған	+	
69	C12	Алмұрт тәрізді койнауудың қатерлі ісігі	+	
70	C13.0	Жүзік тәрізді аймақ жұтқыншақ артының қатерлі ісігі	+	
71	C13.1	Жұтқыншақтың төменгі бөлімінің шөміштік-көмей қақпашығы қатпарының қатерлі ісігі	+	
72	C13.2	Жұтқыншақтың артқы қабырғасының төменгі бөлігінің қатерлі ісігі	+	
73	C13.8	Жұтқыншақтың төменгі бөлігінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
74	C13.9	Жұтқыншақтың төменгі бөлігінің, анықталмаған қатерлі ісігі	+	
75	C14.0	Жұтқыншақтың анықталмаған қатерлі ісігі	+	
76	C14.2	Вальдейердің жұтқыншақтық сақинасының қатерлі ісігі	+	
77	C14.8	Вальдейердің жұтқыншақтық сақинасының қатерлі ісігі		+
78	C15.0	Еріннің, ауыз қуысы мен жұтқыншақтың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
79	C15.1	Өңештің мойындық бөлігінің қатерлі ісігі	+	
80	C15.2	Өңештің кеуделік бөлігінің қатерлі ісігі	+	
81	C15.3	Өңештің құрсақтық бөлігінің қатерлі ісігі	+	
82	C15.4	Өңештің жоғарғы үштен бірінің қатерлі ісігі	+	
83	C15.5	Өңештің ортаңғы үштен бірінің қатерлі ісігі	+	
84	C15.8	Өңештің төменгі үштен бірінің қатерлі ісігі		+
85	C15.9	Өңештің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
86	C16.0	Өңештің анықталмаған қатерлі ісігі	+	
87	C16.1	Асқазан түбінің қатерлі ісігі	+	
88	C16.2	Асқазан денесінің қатерлі ісігі	+	
89	C16.3	Қақпақша кіребірісінің қатерлі ісігі	+	
90	C16.4	Қақпақшаның қатерлі ісігі	+	
91	C16.5	Асқазан кіші иінінің анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі	+	
92	C16.6	Асқазан үлкен иінінің анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі	+	
93	C16.8	Асқазанның жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
94	C16.9	Асқазанның орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі	+	
95	C17.0	Он екі елі ішектің қатерлі ісігі	+	
96	C17.1	Аш ішектің қатерлі ісігі	+	
97	C17.2	Мықын ішектің қатерлі ісігі	+	
98	C17.3	Меккель бүйірқалтасының қатерлі ісігі	+	
99	C17.8	Жіңішке ішектің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
100	C17.9	Жіңішке ішектің орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі	+	
101	C18.0	Соқыр ішектің қатерлі ісігі	+	
102	C18.1	Құрт тәрізді өсіндінің қатерлі ісігі	+	
103	C18.2	Жоғарылаған жиек ішектің қатерлі ісігі	+	
104	C18.3	Жиек ішектің бауырлық иілістің қатерлі ісігі	+	
105	C18.4	Көлденең жиек ішектің қатерлі ісігі	+	
106	C18.5	Жиек ішектің көкбауырлық иілістің қатерлі ісігі	+	

107	C18.6	Төмендеген жиек ішектің қатерлі ісігі	+	
108	C18.7	Сигма тәрізді ішектің қатерлі ісігі	+	
109	C18.8	Жиек ішектің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
110	C18.9	Жиек ішектің, орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі	+	
111	C19	Тік ішек пен сигма тәрізді ішектің қосылысының қатерлі ісігі	+	
112	C20	Тік ішектің қатерлі ісігі	+	
113	C21.0	Артқы өтістің, орны анықталмаған қатерлі ісігі	+	
114	C21.1	Артқы өтіс арнасының қатерлі ісігі	+	
115	C21.2	Клоакагенді аймақтың қатерлі ісігі	+	
116	C21.8	Тік ішектің, артқы өтістің және артқы өтіс өзегінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
117	C22.0	Бауыр жасушалы обыр	+	
118	C22.1	Бауыр ішілік өт түтігінің обыры	+	
119	C22.2	Гепатобластома	+	
120	C22.3	Бауыр ангиосаркомасы	+	
121	C22.4	Бауырдың басқа саркомалары	+	
122	C22.7	Бауырдың анықталған басқа обырлары	+	
123	C22.9	Бауырдың анықталмаған қатерлі ісігі	+	
124	C23	Өт қуықтың қатерлі ісігі	+	
125	C24.0	Бауырдан тыс өт түтіктерінің қатерлі ісігі	+	
126	C24.1	Фатер бүртігі ампуласының қатерлі ісігі	+	
127	C24.8	Өт жолдарының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
128	C24.9	Өт жолдарының анықталмаған қатерлі ісігі	+	
129	C25.0	Ұйқыбез басының қатерлі ісігі	+	
130	C25.1	Ұйқыбез денесінің қатерлі ісігі	+	
131	C25.2	Ұйқыбез құйрығының қатерлі ісігі	+	
132	C25.3	Ұйқыбез түтігінің қатерлі ісігі	+	
133	C25.4	Ұйқыбездің аралшықтық жасушаларының қатерлі ісігі (Лангерганс аралшықтары)	+	
134	C25.7	Ұйқыбездің басқа бөлімдерінің қатерлі ісігі	+	
135	C25.8	Ұйқыбездің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын қатерлі ісігі	+	
136	C25.9	Ұйқыбездің, анықталмаған қатерлі ісігі	+	
137	C26.0	Ішек трактісінің анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі	+	
138	C26.1	Көкбауырдың қатерлі ісігі	+	
139	C26.8	Ас қорыту ағзаларының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
140	C26.9	Ас қорыту жүйесінің шегінде орналасу орны дәл анықталмаған қатерлі ісігі	+	
141	C30.0	Мұрын қуысының қатерлі ісігі	+	
142	C30.1	Ортаңғы құлақтың қатерлі ісігі	+	
143	C31.0	Жоғарғы жақ сүйек қойнауының қатерлі ісігі	+	
144	C31.1	Торлы қойнаудың қатерлі ісігі	+	
145	C31.2	Маңдай қойнауының қатерлі ісігі	+	

146	C31.3	Сына тәрізді қойнауудың қатерлі ісігі	+	
147	C31.8	Қосалқы қойнаулардың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
148	C31.9	Қосалқы қойнаулардың анықталмаған қатерлі ісігі	+	
149	C32.0	Меншекті дауыс аппаратының қатерлі ісігі	+	
150	C32.1	Меншекті дауыс аппараты үстінде қатерлі ісігі	+	
151	C32.2	Меншекті дауыс аппараты астының қатерлі ісігі	+	
152	C32.3	Көмей шеміршектерінің қатерлі ісігі	+	
153	C32.8	Көмейдің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымданулары	+	
154	C32.9	Көмейдің анықталмаған қатерлі ісігі	+	
155	C33	Кеңірдектің қатерлі ісігі	+	
156	C34.0	Негізгі бронхылардың қатерлі ісігі	+	
157	C34.1	Бронхылардың жоғарғы бөлігінің немесе өкпенің қатерлі ісігі	+	
158	C34.2	Бронхылардың ортаңғы бөлігінің немесе өкпенің қатерлі ісігі	+	
159	C34.3	Бронхылардың төменгі бөлігінің немесе өкпенің қатерлі ісігі	+	
160	C34.8	Бронхылардың немесе өкпенің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
161	C34.9	Бронхылардың немесе өкпенің орналасу орны анықталмаған қатерлі ісігі	+	
162	C37	Айырша бездің қатерлі ісігі	+	
163	C38.0	Жүректің қатерлі ісігі	+	
164	C38.1	Алдыңғы көкірек аралығының қатерлі ісігі	+	
165	C38.2	Артқы көкірек аралығының қатерлі ісігі	+	
166	C38.3	Көкірек аралығының анықталмаған бөлімінің қатерлі ісігі	+	
167	C38.4	Өкпеқаптың қатерлі ісігі	+	
168	C38.8	Жүректің, көкірек аралығының, өкпеқаптың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымданулары	+	
169	C39.0	Жоғарғы тыныс алу жолдарының анықталмаған бөлігінің	+	
170	C39.8	Тыныс алу ағзалары мен кеуде іші ағзаларының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
171	C39.9	Тыныс алу ағзалары шегіндегі орналасуы дәл белгіленбеген қатерлі ісік	+	
172	C40.0	Жауырын мен қолдың ұзын сүйектерінің қатерлі ісігі	+	
173	C40.1	Қолдың қысқа сүйектерінің қатерлі ісігі	+	
174	C40.2	Аяқтың ұзын сүйектерінің қатерлі ісігі	+	
175	C40.3	Аяқтың қысқа сүйектерінің қатерлі ісігі	+	
176	C40.8	Сүйектер мен аяқ-қолдың буын шеміршектерінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
177	C40.9	Аяқ-қол сүйектері мен буын шеміршектерінің орналасу орны анықталмаған қатерлі ісігі	+	
178	C41.0	Бас сүйек пен бет сүйектерінің қатерлі ісігі	+	
179	C41.1	Төменгі жақ сүйектің қатерлі ісігі	+	
180	C41.2	Омыртқа бағасының қатерлі ісігі	+	
181	C41.3	Қабырғалардың, төстің және бұғананың қатерлі ісігі	+	
182	C41.4	Жамбас астауы, сегізкөз бен құйымшақ сүйектерінің қатерлі ісігі	+	
183	C41.8		+	

		Сүйектер мен буын шеміршектерінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы		
184	C41.9	Сүйектер мен буын шеміршектерінің анықталмаған қатерлі ісігі	+	
185	C43.0	Еріннің қатерлі меланомасы	+	
186	C43.1	Қабактың қатерлі меланомасы, қабак дәнекерін қоса	+	
187	C43.2	Құлақ пен сыртқы есту өтісінің қатерлі меланомасы	+	
188	C43.3	Беттің басқа және анықталмаған бөліктерінің қатерлі меланомасы	+	
189	C43.4	Бастың шашты бөлігі мен мойынның қатерлі меланомасы	+	
190	C43.5	Дененің қатерлі меланомасы	+	
191	C43.6	Иық буыны аймағын қоса алғандағы қолдың қатерлі меланомасы	+	
192	C43.7	Ұршық буыны аймағын қоса алғандағы аяқтың қатерлі меланомасы	+	
193	C43.8	Терінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі меланомалары	+	
194	C43.9	Терінің анықталмаған қатерлі меланомасы	+	
195	C44.0	Ерін терісінің қатерлі ісігі	+	
196	C44.1	Қабак дәнекерін қоса алғандағы қабак терісінің қатерлі ісігі	+	
197	C44.2	Құлақ терісі мен сыртқы есту өтісінің қатерлі ісігі	+	
198	C44.3	Беттің басқа және анықталмаған бөліктері терісінің қатерлі ісігі	+	
199	C44.4	Бастың шашты бөлігі мен мойын терісінің қатерлі ісігі	+	
200	C44.5	Дене терісінің қатерлі ісігі	+	
201	C44.6	Иық белдеуі аймағын қоса алғандағы қол терісінің қатерлі ісігі	+	
202	C44.7	Ұршық аймағын қоса алғандағы аяқ терісінің қатерлі ісігі	+	
203	C44.8	Терінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымданулары	+	
204	C44.9	Терінің анықталмаған аймағының қатерлі ісіктері	+	
205	C45.0	Өкпекап мезотелиомасы	+	
206	C45.1	Ішперде мезотелиомасы	+	
207	C45.2	Жүреккап мезотелиомасы	+	
208	C45.7	Орналасуы басқа мезотелиомалар	+	
209	C45.9	Анықталмаған мезотелиома	+	
210	C46.0	Терінің Капоши саркомасы	+	
211	C46.1	Жұмсақ тіндердің Капоши саркомасы	+	
212	C46.2	Таңдайдың Капоши саркомасы	+	
213	C46.3	Лимфа түйіндерінің Капоши саркомасы	+	
214	C46.7	Орналасуы басқа Капоши саркомасы	+	
215	C46.8	Көп ағзалардың Капоши саркомасы	+	
216	C46.9	Орналасу орны анықталмаған Капоши саркомасы	+	
217	C47.0	Бастың, беттің және мойынның шеткі нервтерінің қатерлі ісігі	+	
218	C47.1	Иық белдеуі аймағын қоса алғандағы қолдың шеткі қатерлі ісігі	+	
219	C47.2	Ұршық аймағын қоса алғандағы аяқтың шеткі нервтерінің қатерлі ісігі	+	
220	C47.3	Кеуде торы шеткі нервтерінің қатерлі ісігі	+	
221	C47.4	Құрсақтың шеткі нервтерінің қатерлі ісігі	+	
222	C47.5	Жамбастың шеткі нервтерінің қатерлі ісігі	+	

223	C47.6	Дененің анықталмаған шеткі нервтерінің қатерлі ісігі	+	
224	C47.8	Шеткі нервтер мен вегетативтік нерв жүйесінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
225	C47.9	Орналасуы анықталмаған шеткі нервтер мен вегетативтік нерв жүйесінің қатерлі ісігі	+	
226	C48.0	Ішперде арты кеңістігінің қатерлі ісігі	+	
227	C48.1	Ішперденің анықталған бөліктерінің қатерлі ісігі	+	
228	C48.2	Ішперденің анықталмаған бөліктерінің қатерлі ісігі	+	
229	C48.8	Ішперде арты кеңістігі мен ішперденің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
230	C49.0	Бастың, беттің және мойынның дәнекер және жұмсақ қатерлі ісігі	+	
231	C49.1	Иық белдеуі аймағын қоса алғандағы қолдың дәнекер және жұмсақ тіндерінің қатерлі ісігі	+	
232	C49.2	Ұршық аймағын қоса алғандағы аяқтың дәнекер және жұмсақ тіндерінің қатерлі ісігі	+	
233	C49.3	Кеуде торының дәнекер және жұмсақ тіндерінің қатерлі ісігі	+	
234	C49.4	Құрсақтың дәнекер және жұмсақ тіндерінің қатерлі ісігі	+	
235	C49.5	Жамбастың дәнекер және жұмсақ тіндерінің қатерлі ісігі	+	
236	C49.6	Орналасу орны анықталмаған дененің дәнекер және жұмсақ қатерлі ісігі	+	
237	C49.8	Дәнекер және жұмсақ тіндердің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
238	C49.9	Дәнекер және жұмсақ тіндердің орналасу орны анықталмаған қатерлі ісігі	+	
239	C50.0	Емізік пен ареоланың қатерлі ісігі	+	
240	C50.1	Сүт безінің орталық бөлігінің қатерлі ісігі	+	
241	C50.2	Сүт безінің жоғарғы-ішкі квадрантының қатерлі ісігі	+	
242	C50.3	Сүт безінің төменгі-ішкі квадрантының қатерлі ісігі	+	
243	C50.4	Сүт безінің жоғарғы-сыртқы квадрантының қатерлі ісігі	+	
244	C50.5	Злокачественное новообразование нижненаружного квадранта молочной железы	+	
245	C50.6	Сүт безінің төменгі-сыртқы квадрантының қатерлі ісігі	+	
246	C50.8	Сүт безінің қолтықтық-артқы бөлігінің қатерлі ісігі	+	
247	C50.9	Сүт безінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
248	C51.0	Сүт безінің анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі	+	
249	C51.1	Жыныстық үлкен ернеудің қатерлі ісігі	+	
250	C51.2	Жыныстық ернеудің қатерлі ісігі	+	
251	C51.8	Деліткінің қатерлі ісігі	+	
252	C51.9	Сарпайдың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
253	C52	Сарпайдың анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі	+	
254	C53.0	Қынаптың қатерлі ісігі	+	
255	C53.1	Жатыр мойнының ішкі бөлігінің қатерлі ісігі (эндоцервикса)	+	
256	C53.8	Жатыр мойнының сыртқы бөлігінің қатерлі ісігі (экзоцервикса)	+	
257	C53.9	Жатыр мойнының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
258	C54.0	Жатыр мойнының анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі	+	
259	C54.1	Жатыр қылтасының қатерлі ісігі	+	
260	C54.2	Эндометрийдің қатерлі ісігі	+	

261	C54.3	Миометрийдің қатерлі ісігі	+	
262	C54.8	Жатыр түбінің қатерлі ісігі	+	
263	C54.9	Жатыр денесінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
264	C55	Жатыр денесінің орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі	+	
265	C56	Жатырдың орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі	+	
266	C57.0	Анабездің қатерлі ісігі	+	
267	C57.1	Жатырдың науқымды байланысының қатерлі ісігі	+	
268	C57.2	Жатырдың дөңгелек байланысының қатерлі ісігі	+	
269	C57.3	Параметрийдің қатерлі ісігі	+	
270	C57.4	Жатырдың анықталмаған қосалқыларының қатерлі ісігі	+	
271	C57.7	Әйелдердің басқа анықталған жыныс ағзаларының қатерлі ісігі	+	
272	C57.8	Әйелдердің жыныс ағзаларының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
273	C57.9	Орналасуы анықталмаған, әйелдердің жыныс ағзаларының қатерлі ісігі	+	
274	C58	Бала жолдасының қатерлі ісігі	+	
275	C60.0	Күпектің қатерлі ісігі	+	
276	C60.1	Еркек жыныс мүшесі басының қатерлі ісігі	+	
277	C60.2	Еркек жыныс мүшесі денесінің қатерлі ісігі	+	
278	C60.8	Еркек жыныс мүшесінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
279	C60.9	Орналасуы анықталмаған, еркек жыныс мүшесінің қатерлі ісігі	+	
280	C61	Қуық асты безінің қатерлі ісігі	+	
281	C62.0	Орнына түспеген атабездің қатерлі ісігі	+	
282	C62.1	Орнына түскен атабездің қатерлі ісігі	+	
283	C62.9	Атабездің, анықталмаған қатерлі ісігі	+	
284	C63.0	Атабез қосалқысының қатерлі ісігі	+	
285	C63.1	Енбаудың қатерлі ісігі	+	
286	C63.2	Ұманың қатерлі ісігі	+	
287	C63.7	Ерлердің басқа анықталған жыныс ағзаларының қатерлі ісігі	+	
288	C63.8	Ерлер жыныс ағзаларының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
289	C63.9	Ерлер жыныс ағзаларының, орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі	+	
290	C64	Бүйрек түбегінен басқа бүйректің қатерлі ісігі	+	
291	C65	Бүйрек түбегінің қатерлі ісігі	+	
292	C66	Несепағардың қатерлі ісігі	+	
293	C67.0	Несепқуық үшбұрышының қатерлі ісігі	+	
294	C67.1	Несепқуық күмбезінің қатерлі ісігі	+	
295	C67.2	Несепқуықтың бүйірлік қабырғасының қатерлі ісігі	+	
296	C67.3	Несепқуықтың алдыңғы қабырғасының қатерлі ісігі	+	
297	C67.4	Несепқуықтың артқы қабырғасының қатерлі ісігі	+	
298	C67.5	Несепқуық мойнының қатерлі ісігі	+	
299	C67.6	Несепағарлық тесіктің қатерлі ісігі	+	

300	C67.7	Алғашқы несеп түтігінің (урахустың) қатерлі ісігі	+	
301	C67.8	Несепқуықтың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
302	C67.9	Несепқуықтың анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі	+	
303	C68.0	Несеп шығаратын өзектің қатерлі ісігі	+	
304	C68.1	Несеп шығаратын өзек маңы бездердің қатерлі ісігі	+	
305	C68.8	Несеп ағзаларының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
306	C68.9	Несеп ағзаларының анықталмаған қатерлі ісігі	+	
307	C69.0	Конъюнктиваның қатерлі ісігі	+	
308	C69.1	Мөлдір қабықтың қатерлі ісігі	+	
309	C69.2	Торқабықтың қатерлі ісігі	+	
310	C69.3	Тамырлы қабықтың қатерлі ісігі	+	
311	C69.4	Кірпікті [цилиарлық] дененің қатерлі ісігі	+	
312	C69.5	Көз жас безі мен түтігінің қатерлі ісігі	+	
313	C69.6	Көз шарасының қатерлі ісігі	+	
314	C69.8	Көз бен оның қосалқы аппаратының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
315	C69.9	Көздің анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі	+	
316	C70.0	Ми қабықтарының қатерлі ісігі	+	
317	C70.1	Жұлын қабықтарының қатерлі ісігі	+	
318	C70.9	Ми қабықтарының анықталмаған қатерлі ісігі	+	
319	C71.0	Үлестері мен қарыншаларынан басқа, мидың қатерлі ісігі	+	
320	C71.1	Маңдай бөлігінің қатерлі ісігі	+	
321	C71.2	Самай бөлігінің қатерлі ісігі	+	
322	C71.3	Шеке бөлігінің қатерлі ісігі	+	
323	C71.4	Қарақұс бөлігінің қатерлі ісігі	+	
324	C71.5	Ми қарыншаларының қатерлі ісігі	+	
325	C71.6	Мишықтың қатерлі ісігі	+	
326	C71.7	Ми сабауының қатерлі ісігі	+	
327	C71.8	Мидың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
328	C71.9	Мидың, орналасу орны анықталмаған қатерлі ісігі	+	
329	C72.0	Жұлынның қатерлі ісігі	+	
330	C72.1	Жұлынның жылқы құйрығының қатерлі ісігі	+	
331	C72.2	Иіс сезу нервісінің қатерлі ісігі	+	
332	C72.3	Көру нервісінің қатерлі ісігі	+	
333	C72.4	Есту нервісінің қатерлі ісігі	+	
334	C72.5	Басқа және анықталмаған бас сүйек нервілерінің қатерлі ісігі	+	
335	C72.8	Ми мен орталық нерв жүйесінің басқа бөлімдерінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
336	C72.9	Орталық нерв жүйесінің анықталмаған бөлімінің қатерлі ісігі	+	
337	C73	Қалқанша бездің қатерлі ісігі	+	
338	C74.0	Бүйрекүсті безі қыртысының қатерлі ісігі	+	

339	C74.1	Бүйрекүсті безінің ми қабатының қатерлі ісігі	+	
340	C74.9	Бүйрекүсті безінің анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі	+	
341	C75.0	Қалқанша жанындағы [қалқанша маңы] бездің қатерлі ісігі	+	
342	C75.1	Гипофиздің қатерлі ісігі	+	
343	C75.2	Краниофарингиалдық түтіктің қатерлі ісігі	+	
344	C75.3	Томпақ бездің қатерлі ісігі	+	
345	C75.4	Каротидтік гломустың қатерлі ісігі	+	
346	C75.5	Қолқалық гломус пен басқа параганглийлердің қатерлі ісігі	+	
347	C75.8	Бірден артық эндокриндік бездің анықталмаған қатерлі зақымдануы	+	
348	C75.9	Анықталмаған эндокриндік бездің қатерлі ісігі	+	
349	C76.0	Бастың, беттің және мойынның дәл белгіленбеген қатерлі ісігі	+	
350	C76.1	Орналасуы дәл белгіленбеген кеуде торының қатерлі ісігі	+	
351	C76.2	Орналасуы дәл белгіленбеген, құрсақтың қатерлі ісігі	+	
352	C76.3	Жамбастың орналасуы дәл белгіленбеген қатерлі ісігі	+	
353	C76.4	Қолдың, орналасуы дәл белгіленбеген қатерлі ісігі	+	
354	C76.5	Аяқтың, орналасуы дәл белгіленбеген қатерлі ісігі	+	
355	C76.7	Басқа анықталмаған орналасулардың қатерлі ісіктері	+	
356	C76.8	Басқа және орналасуы дәл анықталмаған жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы	+	
357	C77.0	Бастың, беттің және мойынның лимфа түйіндерінің салдарлық қатерлі ісігі	+	
358	C77.1	Кеуде іші лимфа түйіндерінің қатерлі ісігі	+	
359	C77.2	Құрсақ іші лимфа түйіндерінің қатерлі ісігі	+	
360	C77.3	Қолтық ойығы мен қолдың лимфа түйіндерінің қатерлі ісігі	+	
361	C77.4	Шап аймағы мен аяқтың лимфа түйіндерінің қатерлі ісігі	+	
362	C77.5	Жамбас астауы ішілік лимфа түйіндерінің қатерлі ісігі	+	
363	C77.8	Көптеген орындарда орналасқан лимфа түйіндерінің қатерлі ісігі	+	
364	C77.9	Орналасуы анықталмаған лимфа түйіндерінің қатерлі ісігі	+	
365	C78.0	Өкпенің салдарлық қатерлі ісігі	+	
366	C78.1	Көкірек аралығының салдарлық қатерлі ісігі	+	
367	C78.2	Өкпекаптың салдарлық қатерлі ісігі	+	
368	C78.3	Басқа және анықталмаған тыныс алу ағзаларының салдарлық қатерлі ісігі	+	
369	C78.4	Жіңішке ішектің салдарлық қатерлі ісігі	+	
370	C78.5	Тоқ және тік ішектердің салдарлық қатерлі ісігі	+	
371	C78.6	Ішперде мен ішперде арты кеңістігінің салдарлық қатерлі ісігі	+	
372	C78.7	Бауырдың салдарлық қатерлі ісігі	+	
373	C78.8	Ас қорыту ағзаларының басқа және анықталмаған салдарлық қатерлі ісігі	+	
374	C79.0	Бүйрек пен бүйрек түбекшелерінің салдарлық қатерлі ісігі	+	
375	C79.1	Неспуқтың, басқа және анықталмаған несеп ағзаларының салдарлық қатерлі ісігі	+	
376	C79.2	Терінің салдарлық қатерлі ісігі	+	
377	C79.3	Ми мен ми қабықтарының салдарлық қатерлі ісігі	+	
378	C79.4	Нерв жүйесі бөлімдерінің басқа және анықталмаған салдарлық қатерлі ісігі	+	
379	C79.5	Сүйектер мен сүйек кемігінің салдарлық қатерлі ісігі	+	
380	C79.6	Анабездің салдарлық қатерлі ісігі	+	

381	C79.7	Бүйрекүсті безінің салдарлық қатерлі ісігі	+	
382	C79.8	Басқа анықталған орындарда орналасқан салдарлық қатерлі ісік	+	
383	C80.0	Орналасқан жері анықталмаған бастапқы қатерлі ісік		+
384	C80.9	Анықталмаған қатерлі ісік		+
385	C81.0	Лимфалық басымдылық, лимфогистиоциттік басымдылық	+	
386	C81.1	Ходжкин ауруы, нодулалық беріштену	+	
387	C81.2	Ходжкин ауруы, аралас жасушалы нұсқа	+	
388	C81.3	Ходжкин ауруы, лимфалық жүдеу	+	
389	C81.4	Классикалық Ходжкин ауруы кезіндегі лимфалық артылу		+
390	C81.7	Ходжкин ауруының басқа пішіндері	+	
391	C81.9	Анықталмаған Ходжкин ауруы	+	
392	C82.0	Фолликулярлық ходжкин емес лимфома ыдыратылған ядросы бар аз жасушалы	+	
393	C82.1	Аралас, ядролары ыдыраған және ірі жасушалы фолликулярлық ходжкиндік емес лимфома	+	
